

ҚАЗАҚ БАС СӘУЛЕТ-ҚҰРЫЛЫС АКАДЕМИЯСЫ

ПӘН: ФИЛОСОФИЯ

**№4 тақырып ОРТА ҒАСЫР АРАБТІЛДІ
ФИЛОСОФИЯСЫ**

Орындаған: ЖГДФ ассоц. профессоры Ақбаева Л.Н.

Алматы 2015

ДӘРІС ЖОСПАРЫ

- 1. ОРТА ҒАСЫР АРАБТІЛДІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ, ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БАҒЫТТАРЫ.**
 - 2. ӘЛ-КИНДИ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
 - 3. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
 - 4. ӘБУ-ӘЛИ ИБН-СИНА ФИЛОСОФИЯСЫ.**
 - 5. ИБН-РУШДТ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
 - 6. СОПЫЛЫҚ. ҚОЖА АХМЕТ ЙАССАУИ ФИЛОСОФИЯСЫ.**
- СӨЖ БЕН СОӨЖ-ГЕ ТАПСЫРМА (ТҮПНҰСҚАЛАР)
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР.**

1. ОРТА ҒАСЫР АРАБТІЛДІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ, ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

VII ғасыдың басында Арабияда жаңа дін – **ислам** мен феодалдық теократтық мемлекет – **халифат** және ортағасырлық **араб тілдес халықтар философиясы** пайда болды.

Орта ғасырлық мұсылман философиясының дамуы шартты түрде **екі кезеңге** бөлінеді:

1) VII-IX ғғ. аралығы; 2) IX-XIII ғғ. арасы.

Бірінші кезеңде әлемдік ғылым жетістіктерін жинақтау жүзеге асырылса, **екіншіде** жаңа ғылым мен мәдениет жетістіктері өмірге келеді.

IX-X ғғ. мұсылман мәдениетінің **алтын ғасыры** аталады.

Ислам философиясы грек шығармаларының араб тіліне аударылуынан бастау алады. Білім ордаларында философия мен грек ғылымы оқытылады. Осы кезде арабтарға Аристотель философиясы белгілі болып, маңызды ғылыми еңбектер сирия тілінен араб тіліне тәржімалана бастайды. Платонның «Республика», «Заңдар», «Тимей»; Аристотельдің логика мен математикалық еңбектерін аударды.

X ғасырдың екінші жартысында Басра қаласында **«Таза ағайындылар»** құпия діни философиялық қоғамы пайда болады. Олар дін, философия және жаратылыстану ғылымдары туралы елуге тарта еңбек жазып, ислам дінін эллин философиясымен қосуға ұмтылды. Бұл жерде **«әлем Құдайдан бастауын алады және оған қайта келеді»** деген жаңа платоншылдық пікірлер басшылыққа алынды. «Таза ағайындылар» барлық діннің және философиялық ілімдердің бірігуін жақтады.

«ТАЗА АҒАЙЫНДЫЛАР» ІЛІМІ



1. ОРТА ҒАСЫР АРАБТІЛДІ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ, ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН БАҒЫТТАРЫ

Бұл философия X-XIII ғасырларда келесі ағымдарымен көзге түседі:

**1. МҰСЫЛМАН
ФИЛОСОФИЯСЫ –
ҚАЛАМ
ОНЫҢ МЕКТЕПТЕРІ:**

**а) МУТАКАЛЛИМДЕР
МЕКТЕБІ**

**в) АШАРИТТЕР
МЕКТЕБІ**

**б) МУТАЗИЛИТТЕР
МЕКТЕБІ**

2. СОПЫЛЫҚ (СУФИЗМ немесе ТАСАВВУФ)

3. «ТАЗА АҒАЙЫНДЫЛАР» ҚҰПИЯ ДІНИ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ІЛІМІ

4. ШЫҒЫС ПЕРИПАТЕТИЗМІ (АРИСТОТЕЛЬШІЛДІК)

2. ӘЛ-КИНДИ ФИЛОСОФИЯСЫ

IX-XI ғғ. аралығында дамыған шығыс аристотельшілдігінің басты өкілі **әл-Кинди** (800-879 жж.) заманының жан-жақты білім алған адамы болды. Негізгі шығармалары: «Аристотельдің кітаптарының саны және философияны ұғу үшін не керек?», «Бірінші философия жөнінде», «Бес мән-мағына жөніндегі кітап».

Өзінің философиялық еңбектерінде Аристотель шығармаларына түсініктеме бере отырып, логика мен таным мәселелерін қарастырған, жетілдірген әл-Кинди табиғат және қоғамдық құбылыстардың өзіндік себептері мен заңдылықтары болатыны туралы пікір білдіреді. Құдайды барлық құбылыстардың «Алшақтаған себебі» деп мойындады. «Әлемдік денені» шектеулі әрі Құдай жаратты деп есептеп, оны қисындық ой-пікірлермен дәлелдеуге тырысады.

Оның **танымның үш сатысының** үлгісі туралы ұстанымы үлкен маңызға ие болды. Бірінші таным сатысы – **логика мен математикаға**, екіншісі – **жаратылыстану ғылымдарына**, үшіншісі – **философиялық мәселелерге** әкеледі.

Болмыс мәселесінде екі субстанция туралы айтылады:

- **бірінші** – **субстанцияның сан мен сапалық жақтарын зерттеу арқылы білуге болатын сезімдік заттар**. Мұны, сандық жақтарды сан жөніндегі ғылым зерттейді;
- **екінші** – **субстанцияның сапалық үйлесімділігін, заттардың мөлшерлік қатынастарын қарастыратын ғылым**. Заттардың сапалық жағын математика саласына жататын геометрия мен астрономия ғылымдары зерттейді, өз кезегінде субстанцияны білмеген адамға философия да беймәлім болып қалады.

2. ӘЛ-КИНДИ ФИЛОСОФИЯСЫ

«Адамзат өнерінің ішіндегі ең ғажабы – философия», – деген әл-Кинди мақсаты заттардың шынайы табиғатын көрсету, соның негізінде адами жүріс-тұрысты, іс-әрекетті анықтау, өмірге бейімделу керек екеніне сілтеме жасайды.

- **Адам дүниетанымының екі түрі бар:**

- **Біріншісі – сезімдік тану.** Ол әрдайым өзгерісте болады, тұрақты емес. Бұл тек уақытша өмір сүретін заттарды тануға мүмкіндік берумен байланысты. Ол сан жағынан тұрақты емес, ұлғаяды, кішірейеді, теңсіз болады, теңеледі. Оның сапалық жағы да өзгеріп отырады, ол өзіне ұқсайды, ұқсамайды, күшіне мінеді, әлсізденеді... Әрдайым өзгеріске ұшыраған дүние заттарының бітімін қабылдайтын сезімдік таным оны адам жадына, ақыл-ойына жеткізеді.
- **Екіншісі – ақыл-ой танымы.** Жеке материалдық заттарды сезімдік қабылдауға болады. Ал текті алатын болсақ, ақыл-ойдың елегінен өткізуге болатын түйсіктер арқылы қабылданады. Жалпы, әл-Кинди адамның дүниені тану мүмкіндігін мойындайды, қоршаған орта заттарын зерттеу арқылы, ғылымды дамытуға болатынын көрсетті.

ӘЛ-КИНДИ



3. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Шығыс перипатетизмінің көрнекті өкілі **Әбу Насыр әл-Фараби** (870-950 жж.) қазақ топырағында, ежелгі **Отырар** (арабтар **Барба-Фарап** деп атаған) қаласында дүниеге келген. Ол әл-Киндидің ізін қуып, **Аристотельдің шығармаларына түсіндірме** жазады.

- Шығыс халықтарына Аристотельдің ғылыми еңбектерін танытып, мұраларын дұрыс түсіндіргені үшін, әл-Фараби **«әл муаллим ас-сани» – Екінші ұстаз атанады.**

Әл-Фараби Аристотель еңбектеріне түсіндірме беруімен қатар, өзі де көптеген ғылыми философиялық еңбек жазған. Оның метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т.б. ғылымдар саласы бойынша жазған еңбектері құнды. Мысалы, әл-Фараби **«Философияны үйрену үшін қажетті алғышарт туралы трактатында»** философияны үйрену үшін, тұңғыш философиялық бағыттың ең алғашқы негізін салушы грек философы Пифагордан бастап, өзіне дейінгі ғалымдардың ой-пікірін келтіре отырып, соңын өз ойларымен тұжырымдайды.

Фараби пікірінше, ғылым мен **философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап** – «адамның жан тазалығы, ар тазалығы, бүкіл адамзатқа, өз халқына деген махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығы, берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде, адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды».

Әл-Фараби **«Ізгі қала жөніндегі»** еңбегінде болмыс ілімі туралы:

«Дүниені тудырған – «Бірінші Мән», – дейді.

«Ол – барлығынан биік, барлығын білетін, Дана, Ақиқат, Тірі, Өмір»,
барлық тіршілік иелерінің алғашқы себебі, кемеліне келген мінсіз.

ӘЛ-ФАРАБИ



3. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Онда «ай астындағы Дүниеге» тән нәрселер: қайшылық пен бейболмыс жоқ. Осы себептен – мәңгілік, өмір сүру үшін: себепті, мақсатты, ұмтылысты т.б. қажет етпейді.
- «Бірінші Мән» материя емес. Ойшыл оған «белсенді ақыл-ой» (активті интеллект) деген ат қояды. «Бірінші Мәннен» бүкіл Болмыс пайда болады.
- «Бірінші Мән» тудырған «Ай астындағы болмыс», біз өмір сүріп жатқан дүние. Оның негізінде төрт табиғи бөліктер жатады: **жер, от, су, ауа**. Олардың әртүрлі қосындылары жер бетінде бар нәрселерді туындатады.
- Әл-Фараби тіршілік әлемін үшке бөледі – 1) **өсімдіктер**, 2) **ақыл-ойы жоқ жануарлар**, 3) **ақылды жануар (адам)**.

«Бірінші Мән» – белсенді парасат, ол өзі тудырған дүниеде:

1) **потенциалды** (латынша, мүмкіндік),

2) **актуальды** (латынша, шындық, іс-әрекет),

3) **игерілген** және

4) **іс-әрекеттік** деп аталатын **интеллектіні** (ақыл-ойды) өмірге келтіреді.

Потенциалды интеллект – пенденің жан дүниесінің болмыс заттары бітімін тануының мүмкіндігі.

- **Актуальды интеллект** – болмыс заттарының табиғаты ақыл-оймен танылып, ақыл-ойда өзінің материалдық негізінен бөлініп өмір сүруі мүмкіндігі жатыр.
- **Игерілген интеллект** – пенденің дүниені, заттарды танып, олардың мән-мағынасын жан дүниесінің ажырамас бөлігіне айналдыруында.
- **Іс-әрекеттік интеллект** – ең күрделі, ешқашан материяда болмаған ұғымның бірі. Ол потенциалдық ақыл-ойдың шындыққа айналуына ықпалын тигізеді.

3. ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Мұны жете түсіндіру үшін, Әл-Фараби жарық арқылы көздің көру мүмкіндігін қарастырады. Күннің сәулесі заттарға түскен кезде, көз актуальды түрде дүниені көрді. Күннің сәулесі тек қана көзге түсіп қоймайды, сонымен бірге заттарды да көрсетеді. Іс-әрекеттік интеллект, ғұлама ойынша, күннің сәулесі саяқты таным үрдісінде дәнекерлік қызмет атқарады. Сол арқылы потенциалдық интеллект актуальдіге айналады.

Әл-Фараби саяси пікірлерін **«Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекеттік билеушінің нақыл сөздері»** және **«Азаматтық саясат»** еңбектерінде баяндайды.

- **«Қайырымды қала»** туралы идеяларының ежелгі грек философиясымен байланыстылығы, мемлекетті тұрғызу идеяларының үндестігі айқындалады. «Қайырымды қала» деп мінсіз мемлекет туралы ғылым болып саналды. Ғұлама шығармаларында мемлекет құрылымының белгілері, ерекшеліктері, саясат сипаттамасы, мемлекеттің пайда болу себептері, қандай да бір мемлекет түрлерінің қалыптасуы өз бастауларымен ғаламдық тәртіптің жалпы заңдарына сүйенеді.

Әл-Фарабидің ойынша, **адам – өз өмірінің қожасы,**
ол өз бақытын өзі жасауы жолында қиындықтардан қашпауы керек.

Адам өміріндегі жақсылық пен жамандық Құдайдың емес, адамдардың күнделікті іс-әрекетіне байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы-жаман әдеттерді істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал осылардың қайсысын таңдау адамның ізгі мінез-құлқына келіп тіреледі, рухани жетілуіне тәуелді.

4. ӘБУ-ӘЛИ ИБН-СИНА ФИЛОСОФИЯСЫ

- **Әбу-Әли Ибн-Сина** (980-1037 жж.) аристотельшілдік бағыттың басты өкілдерінің бірі болды. Еуропалықтарға **Авицена** деген атпен белгілі болған философ, дәрігер, ақын әрі саяси қайраткер. Араб әлемінде **«Философтар патшасы»**, **«дәрігерлер атасы»** деген дәріптеулерге ие болған.
- Оны әлемге танымал қылған **«Сауығу кітабы»** («Дәрігерлік ғылымдар каноны») деп аталатын медицина жайлы философиялық шығармасы еді. Ол әр түрлі ауруға арналған, шөптер құрамынан тұратын көптеген дәрі мен дәрігерлік кеңестер қалдырған. Он сегіз бөлімнен тұратын «Сауығу кітабында» **логика, физика, математика және философия** проблемаларын қамтыған.
- Негізгі еңбектері ішінен **«Логика»**, **«Поэтика»**, **«Риторика»**, **«Метафизика»** еңбектерін атауға болады.
- **Философиялық көзқарастары қайшылықты: материализм теологиямен қатар жүрді.** Бірінші болып Аристотельдің философиясын исламмен үйлестіруге талпынды.

Ол философияны үшке бөледі: **1) физика** (табиғат туралы); **2) логика** (ғылымтану жолдары туралы); **3) метафизика** (жалпы болмыс туралы).

Дүние құдайдың эманациясынан (Құдайдың жерге сәуле шашуынан) туады.

- Дүниені дұрыс түсіну үшін тәжірибелік білімнің маңызына тоқталды.
- **Болмыс** туралы ілімі материяны мәңгілік жаратылыстан тыс құбылыс ретінде қарастырады. Құдайдың бар екеніне күмәнданбаған Ибн-Сина үшін дүние – шындықтың мүмкіндігі ғана. Ол уақыттан тысқары Құдайдың жағдай туғызуына байланысты шындыққа айналады. **Адамның рухы – дененің жансыз түрі.** Денелердің қайта тірілуі мүмкін емес деп, «Құдай шапағатына» ден қояды.

ИБН-СИНА



5. ИБН-РУШДТ ФИЛОСОФИЯСЫ

- Шығыс философиясының келесі ұлы тұлғасы – **Ибн-Рушдт** (1126-1198 жж.) (латынша аты – **Аверроэс** бұл атымен байланысты ілім – Аверроизм). Испанияның Кордова қаласында өмірге келеді. Дүниетанымдық көзқарастарына байланысты діни қуғындауға ұшырайды.
- Оқымыстының **Аристотельдің шығармаларына түсініктемелер жасаған негізгі еңбектері: «Алғашқы қозғаушы жөнінде», «Аспандағы денелердің қозғалысы жөнінде», «Терістеуді теріске шығару», «Жан-дүние ғылымы жөнінде»** т.с.с.

Философиялық көзқарастарында мынадай үш түрлі қорытынды жасады:

- 1) материалдық дүние мәңгі;
- 2) барлық құбылыстар себепті байланыста болады;
- 3) әрбір жеке зат өлмейді, адам өледі.

Ибн-Рушдт **«Қос ақиқат»** ілімінің негізін қалады. **«Ақиқаттың екі жақтылығы»** ілімінің мақсаты - **ғылым ақиқаты** мен **философия ақиқатын** діннен бөлу.

Ибн-Рушдт **Дүниенің мәңгілігі мен шексіздігі** жөніндегі мәселені көтереді. Құдайды мойындады. **Құдай шындықтың мәңгілік қайнар көзі болса, материя – Дүние мүмкіндігінің мәңгілік қайнары**, өйткені *«егер Жаратушы мәңгілік болса, онда жаратылған Дүние де мәңгілік»*.

Ол **материяның, уақыттың мәңгілігін**, оларды ешкім жаратпағанын дәлелдеді. Дүниеде еш нәрсе пайда болмайды, сондай-ақ жойылмайды да, ол өзгеру арқылы басқа затқа айналады. Ол **Аристотель философиясының негізгі қағидасының бірі – «материя түрсіз (форма), ал түр материясыз өмір сүре алмайды»** деген ойын толығынан қолдайды, тереңдетеді.

5. ИБН-РУШДТ ФИЛОСОФИЯСЫ

- **Таным ілімінде Ибн-Рушдт жеке адам ақылы ойдың бірегейлігін, потенциалдық интеллектіні құрайтынын айтады. Расында парасат мүмкіндігі шектеулі адамдар, Дүниеге уақытша келген пенде ретінде универсалилерді, потенциалдық ақыл-ойы болмаса, жасай алмас еді. Жеке адамның танымдық мүмкіндіктері шындыққа айналуы үшін, оған ғаламдық белсенді ақыл-ой (Құдай) түрткі болуы керек. Ол потенциалды ақыл-ойға тікелей әсерін тигізбей, оның сезіміне, қиялы мен елестету мүмкіндіктеріне ықпал етіп, мән-мағынаның ашылуына, оның шындыққа айналуына соқтырады. Осы сәттен бастап жеке адамның ғылымдағы ашқан жаңалығы, адамзаттың потенциалдық интеллектісінің ажырамас бөлігіне айналады, ол бірте-бірте Құдайдың белсенді өзекті интеллектісіне жақындайды, оған қосылуының алғышарты болады.**
- *Ойшыл: «Адам – өтпелі пенде, оның денесімен бірге жан дүниесі де келмеске кетеді», – дейді. «Бірақ адамзаттың потенциалдық интеллектісі мәңгілік, ол Құдайдың ақыл-ойымен қосылуға тырысады, ал ол орындалған кезде дүниежүзілік адамзат тарихы аяқталады», – деген көзқараста болады.*

6. ҚОЖА АХМЕТ ЙАССАУИ ФИЛОСОФИЯСЫ


- **Сопылық** (арабша – сүф – жүн киімдерін киген аскет) – исламдағы мистикалық (8 ғ., Иракта, Сирияда пайда болды), философиялық жаңа платоншылдыққа жақын ілім. Ол сезімдік және парасат (рационалдық) танымының ақиқаттығын теріске шығарып, адамның жердегі өмірімен байланыстылардың бәрінен бас тартып, аскеттік өмір сүруге шақырады.
- Сопылық бір Құдайды ғана мойындайды. Олардың уағыздары: ғаламның, дүниенің алғашқы мәні – Құдай, ол мәңгі, өзгермейді, оны түсінуге де, білуге де болмайды. Құдай өз мәнін өзгертпей, дүниені жарата береді. Жаратылғандардың төменгі сатысы – материя, ол – барлық келеңсіздіктер мен зұлымдықтардың бастауы.
- **Сопылық – адам жанының тазалығы туралы ілім.** Ол ислам дінінің рухы, мәні, сайып келгенде, исламның синонимі, яғни сананың жетілуі, жан тазарып, ар-ұят оянуы, рухани шыңдалудың белгісі. «Сопылықты жүрекпен ғана сезесің», демек сопылықтың не екенін жүрегін оята алған адам ғана түсіне алады. Сопыларға ортақ қасиет – адалдық, мейірімділік, қанағат, шынайы ізгілік, Алланы, адамды сүю, арлы да адал болу.

Қазақстан жерінде сопылық негізде иассауилік-мистикалық, аскеттік ілім қалыптасты.

Оның негізін қалаушы **Қожа Ахмет Йассауи** (1105-1166 жж.) болды.

Йассауидің **«Диуани хикмет»** еңбегінің негізгі мазмұны **сопылық жолында мұсылмандық ілімнің қағидаларын жүзеге асыру**, оларды күнделікті өмірде әрдайым пайдалану мен орындаудың әдіс-тәсілдерін үйретуге арналған.

ҚОЖА АХМЕТ ЎАССАУИ



6. ҚОЖА АХМЕТ ЙАССАУИ ФИЛОСОФИЯСЫ

Кітапта сопылық мақсатқа жету үшін төрт түрлі сатыдан өту керектігі айтылады.

Олар: **шариғат, тарихат, мағрипат, ақиқат.**

Бұлардың әрқайсысының өз тұрағы бар. Ілім жолының ауыр да қиын болатынын айта келіп, Йассауи одан өтуді табанды түрде талап етеді. Дүниені танып-білу үшін, адам әр түрлі талаптарды орындауы керек, ол сонда ғана ақиқатты түсіне алады, егер ғұламаның сөзімен айтатын болсақ, «Өзіңді танығаның – ақиқатты танығаның».

Ол бойынша, Құдайдың еркі материалдық дүниені жаратып қана қоймай, оған үздіксіз ықпалын тигізіп отырады. Ол табиғат құбылыстарының объективтік заңдылығына, мәңгілігіне емес, Құран аяттарына мүлтіксіз сенуді талап етеді.

СӨЖ бен СОӨЖ-ге тапсырма (түпнұсқалар)

Орта ғасыр арабтілді философиясы туралы түпнұсқаларға жазбаша және ауызша анализ жасаңыз.

1.Әл-Фараби. «Ізгілікті қала басшысының қасиеттері туралы»

Басшы – басқа ешкімге бағынбайтын, имам, ізгілікті қаланың бірінші

басшысы. Бұл адам туа біткен табиғи он екі қасиетке ие болуы тиіс:

Дене мүшелері абсолютті жетілген, кез-келген әрекетті жеңіл орындауға бейімделген болу;

Өзіне айтылып отырған нәрсені өте жақсы түсініп, сөйлеп отырған адам айтқан нәрсені іс жүзіндегі жағдаймен салыстыра отырып, көз алдына елестете алу;

Өзі түсініп, көріп, естіп және қабылдап отырған нәрселердің бәрін есінде жақсы сақтай білу;

Өткір, көреген ақылға ие болуы және оның көмегімен қандай да бір заттың белгісі арқылы ол белгі нұсқап тұрғанды тез меңгеру;

Сөзге шешен болып, ойлаған нәрсесін айқын, анық жеткізе білу;

Оқып-үйрену мен танып-білуді сүйе білуі және оқып-үйрену барысында шаршамау;

Өзін тамақтан, арақ-шараптан, ойыннан тежей білу және ойыннан туындайтын рахаттарды жек көру;

Асқақ жанға ие болып, намысын жоғары ұстау;

Оның жаны табиғатынан төмен істердің бәрінен жоғары болуы және асқақ істерге ұмтылуы тиіс;

10. Бейбіт өмірдің дирхем, динар және тағы басқа белгілерін жек көру;

11. Табиғатынан әділеттілікті және ол үшін күресетіндерді сүйе білу, әділетсіздік пен тиранияны жек көру;

12. Өзі қажетті деп есептейтін істі жасауда, шешім қабылдауда батыл болу, үрей дегеннің не екенін білмеу.

(Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1971.).

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

•Негізгі:

1. Сәрсенова, Ж. Н. Әлеуметтану: ЖОО студ. арналған оқу құралы. - Алматы: Нұр-Принт, 2013. - 201 б.
2. Абдирайымова Г.С. Жастар социологиясы. 2-басылым.- Алматы: Қазақ университеті, 2012.-224 б.
3. Садырова М.С. Әлеуметтану: өзекті мәселелер.-Алматы: Эверо, 2011.-284 б.
4. Абдикерова Г.О. Әлеуметтану.-Алматы: Қазақ университеті, 2011.-192 б.
5. Биекенов Б.У., Садырова М.С. Әлеуметтану. Ұғымдар мен баламалар.- Алматы: Эверо, 2011.-400 б.
6. Әженов М.С., Садырова М.С., Омарова А. Білім социологиясы. Оқулық. - Алматы: Эверо, 2011.-124 б.
7. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану. Кредиттік технология оқу процесінде пайдалану үшін дайындалған оқу құралы.Алматы: Нұр-Принт, 2010.-238 б.
8. Абсаттаров Р., Дәкенов М. Әлеуметтану: Оқу құралы.- Алматы: Қарасай баспасы, 2010.-384 б.
9. Жаназарова З.Ж. Отбасы социологиясы: оқу құралы.-Алматы: Қазақ университеті, 2010.-240 б.

9. ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

• Қосымша әдебиеттер:

- **1. Акбаева Л.Н. Социология: Учебное пособие.- Алматы: КазГАСА, 2015.-242 с.**
- **2. Габдуллина К.Г. и другие. Социология. Учебник для студентов высших технических учебных заведений. – Алматы: Санат, 2007.**
- **3. Әлеуметтану. 2-кітап/ Жалпы ред. М.М.Тажин.-Алматы, 2005.-268 б.**
- **4. Қарабаев Ш.Қ. Әлеуметтану негіздері: Оқу құралы.-Алматы: Экономика, 2004.-640 б.**
- **5. Дакенов Н. Абсаттаров Р.Б. Социология. – Алматы: Ғылым, 2004.**

• Электрондық басылымдар:

- **1. Акбаева Л.Н. Әлеуметтану: Электрондық оқулық. – Алматы: ҚазБСҚА, 2012-144 б.**
- **2. Акбаева Л.Н. Социология: Электронный учебник, Алматы: КазГАСА, 2010.-161 с.**
- **3. Интернет ресурстары: www.sociology.ru**